

T_k - кризистік температурадан жоғарғы температураға зат тек газ күйінде ғана болады. Егер $T > T_k$ болса, онда газды қанша сықса да сұйыққа айналмайды. $T < T_k$ болса, зат қысымға байланысты сұйық күйінде немесе қатарынан 2 фазада сұйық және қаныққан бу түрінде болады.

Қаныққан будың P_0 қысымы осы заттың кризистік қысымынан артық болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдулаев Ж. Физика курсы. – Алматы: Білім, 1994. -349 б.
2. Трофимова Т. И. Курс физики. – Москва: Высш.шк., 1990.- 478 с.
3. Савельев И. В. Курс общей физики. 2 т.– Москва: Наука, 1982.- 430 с.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЖАҢАША ҚЫРЛАРЫ *АХМЕТОВА О.*

Тәуелсіздік Қазақ еліне ең басты игілік - еркін өмір сүру мүмкіндігін сыйлады. Жаһандану жағдайында еліміздің әрі қарай өсіп-өркендеуі үшін қазақы өмір сүру дәстүрін сақтау – маңызды мәселе. Нағыз қазақша өмір сүрудің өзіндік шарттары бар, оның ең бастысы - ұлттық ділді, ұлттық болмысымызды игеруде жатыр. Сәйкесінше, «Халықтың ділі – әдет-ғұрып, діни сенімдер мен ырым-жырымдар, жыл қайыру мен мал бағудан туындайтын астрологиялық көзқарастар, мал анатомиясының ерекшеліктеріне деген білгірлік, ою-өрнек сәндік өнеріндегі көшпелі тұрмыс бейнелері мен рухани болмыс құрылымында осы әлеуметтік-қоғамдық тұрмыс-тіршіліктің көріністік бейнеленуі», - болып табылады. [1, 2026.] Ұлттық ділдің қасиеттері қоғамда да, жеке адамдардың рухани болмысында да мол орын алады. Адамның рухани болмысы туралы Рудольф Штейнер былай дейді: «Человек - гражданин трех миров. Физическим телом он принадлежит к физическому миру, своей душой он строит себе свой собственный мир, а через Дух перед ним раскрывается мир, который выше обоих этих миров». [2, с.21] Демек, рухани әлем жан және тән әлемдерінен жоғары, ал осы рухани болмысты ұлттық негіздермен сусындату бүгінгі таңдағы өзекті мәселе екендігіне дау жоқ.

Жалпы алғанда, дамудың саяси-әлеуметтік үш түрлі жолы бар: 1) консервативтік – бұрынғыны аңсау, тек өткенді ғана бағалау - бұл ілгері жылжуды тежейді; 2) максималды радикалдық – бұл өткенді мүлде бағаламай, тек алға жылжуды басшылыққа алады, өткенімізді керітартпа артта қалушылық деп таниды; 3) Өткен мен болшақты бірлікте қарастырып, дәстүршілдік пен жаңашылдықты қатар дамытуды көздейді. Біз үшін ең оңтайлысы – үшінші жол. Себебі қазіргі әлемдік дамуда да өткенді қайта сараптау, бұрынғының озық үлгілерін қазіргі заманға сай пайдалану, тарихилық принциптер арқылы болашақтың перспективасын құру сияқты тенденциялар бар.


Осыған сәйкес, қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мыңдаған жылдардан бері сақталып келе жатқан рухани құндылық, оның соңғы 200-300 жылда жойылып кетуі де мүмкін емес. Ол дамудың дұрыс жолы екендігін әлдеқашан-ақ дәлелдеген. Сондықтан, мыңдаған жылдар бойы өміршендігін сақтап, жойылып кетпей, бүгінгі күнге дейін жетіп отырғандығы шындық. Бұл тарихи дамудың объективті заңдылығы, одан қашып құтылу мүмкін емес екендігін қазіргі қазақ қоғамының өзі көрсетіп отыр.

Салт-дәстүрлер сан ғасырлар бойғы халқымыздың тіршілік етуінің жалпылама формуласы мен канондарын құраған.

Салт-дәстүр мен әдет ғұрыптар өзінің даму эволюциясында: сұрыпталу, жүйелену, жетілу т.б. процестерді басынан кешірген мінсіз үлгі болып табылады. Сондықтан, ол - **өздігінен іріктеліп, қажетсіз элементтері жойылып, ұмытылып, тиімді жақтары сақталып, дамытылып отырған өміршең динамикалы рухани құбылыс.**

Халқымыздың дәстүрлік болмысы – күрделі және көпқызметті, ауқымды құрылым. Оның құрылымын шартты түрде төмендегі сызба арқылы ұсынуға болады:

1-сызба. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың құрылымдық негізі



Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың бүгінгі күнге дейін жетуінің негізгі көрінісі – оны «сақтау» феномені, яғни, ересектердің ұрпақтарына үйрету сабақтастығы арқылы жалғаса түседі: «Ата-баба – Өзі – Ұрпағы» арқылы тізбектеліп кете береді. «Ата-салтын сақтамау», «Дәстүрді бұзу» құбылыстары қоғамдық-моральдық санада қылмыс ретінде танылған. Себебі ата жолынан ауытқу халықты рухани-моральдық, әлеуметтік-саяси, биологиялық-психологиялық жағынан құлдырауға ұшырататынын білген ата-бабаларымыз, оны сақтауды, яғни мүлтіксіз орындауды басты өмірмәнділік талап ретінде атап өткен. Дәстүр бұзушыларды «атқа теріс отырғызып», бүкіл елге аралататын шаралар қолданылған, кейде өте қатал жазалар да іске асырылған, «Батыр баян» жырындағы Баянның жауға сатылған інісін өлтіруі, Мұхтар Шаханов шығармасындағы Махамбетті ұстап берген ұлын әкесінің атуы: «Ата заңы, баба заңы шырағым, деп әкесі қолына алды садағын» деген сияқты мысалдарды келтіруге болады.

Сондықтан дәстүрді сақтау қазақ халқында өз нәтижесін анық көрсеткен, бүгінгі таңдағыдай моральдық-рухани деградация көріністерінің орын алуына жол бермеген. Оған қарттар үйінің болмауы, жесір әйелді қалдырмау, абақтының жоқ екендігін мысал ретінде ұсынуға болады. Яғни, ата заңы – қастерлі, әрбір азамат құрметтеуге тиіс, орындауға міндеттелген борыш, сақтауға арналған өмірмәнділік ереже болып табылады.

Ол – қазақ халқында діннен де ықпалды, әлеуметтік бедел мен статустардан жоғары, жыныстық және жас ерекшеліктерінің бәрін де қамтитын тұтас жалпыхалықтық көпқызметті ортақ рухани құндылық.

Мысалы, оның *құқықтық құрылымы* қоғамдағы ер мен әйелдің, бала мен ата-ананың, үлкен мен кішінің т.б. әлеуметтік топтардың өзіндік құқықтық тәртібі мен жауапкершілігін, еркі мен борышын белгілейді. Кейін осы құқықтық нормалар жүйеленіп, саяси деңгейге дейін көтерілген: «Жеті жарғы», «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты ережелер заңнамалық кодекстерге айналдырылған.

Экологиялық қыры: суға түкірме, аққуды атпа, құмырсқаның илеуін бұзба, көкті жұлма деген тәрізді тыйым сөздермен шартталған болса, *мәдени-психологиялық аспектісі:* қолыңды төбене қойма, бүйіріңді таянба, тізеңді құшақтама, орынсыз күлме

деген тұжырымдармен дәйектелген, *биологиялық-генетикалық жағы*: жеті атаға дейін қыз алыспау, қызға қырық үйден тыю тәрізді қатаң тәртіптер арқылы түзілген. Ал *этикалық-эстетикалық саласы*: үлкенге құрмет, кішіге ізет, анадан қырық рет Меккеге арқалап апарсаң да, парызыннан құтыла алмайсың деген өсиетнамалармен қорғалған.

Бұл қағидалар терең мағыналы әрі әдіснамасы жетілген, логикалық дәлелденген, өмір тәжірибесінде талай рет тексерілген озық үлгілер.

Рухани болмысымыздың құрамдас бөлігі - «ұлттық құндылықтар» ұғымы ғылыми сөздіктерде – адамдар қадірлейтін және бағалайтын, бәрінен жоғары тұрған, ұмтылуға тиісті құбылыстар делінеді.

Осы құндылықтардың ішінде аса құнды, тылсым мәнді түрлері де бар. Мәселен, тарихта дәлелденгендей, арғы ата-бабаларымыздың «көк түсті» байрағы бүгінгі тандағы Қазақ елінің тандауын да осыған әкеліп отыр. Әрбір мемлекеттің немесе аймақтың өзіндік түсі мен символикасы, мәселен, КСРО кезіндегі қызыл түс символикасы, мұсылмандық жасыл түс т.б. бар. КСРО құрамында болған Қазақ елі осы қызыл түс символикасынан арылып, өзінің табиғи-тарихи «Көк» түсіне қайта оралды. Көк түс - жай ғана символика емес, қазақ топырағындағы кастерленген, құрметтелген рәміздік белгі. Сондықтан түркілер дәуірі өздерін осы «Көкпен» байланыстырып отырған: «Көк Түріктер», «Көк Тәңір», «Көк бөрі» тіркестері немесе «көкті жұлма» деген сияқты табу сөздер – оған бейне бір сакральдық-тылсымдық, феномендік-жұмбақтық мағына жамап, құндылығын арттыра түседі. Ол сөз «ғарыш», «аспан» ұғымдарымен мағыналас болып, халқымыздың жадында мәңгілік сақталған. Тіпті жердегі «жасыл» шөпті де «көк» деп атаған: «жер көгерді», «көкорай», яғни, бұл да кастерлеудің белгісі. Сондықтан бүгінгі күнге дейін «жасылды» «көк» деп атайтын түсінік қоғамдық санада сақталып отыр.

Сондай-ақ «тұрмыстық қажеттілік» ретінде танылған «жеті қазынаны» атап өтуге болады. Оған кіретін элементтер де әр түрлі айтыла береді, бірақ мәселе онда емес, олардың «казына» аталып, құрметтелуінде. Мәселен: құмай тазы, жүйрік ат, сұлу әйел, бүркіт т.б. басты элементтер. Осыдан «**Қазына** аталу себебі неліктен?» деген логикалық сауал туындайды.

Көшпенділік өмір салты «бәрі өзімен бірге» принципіне құрылады. Яғни, онда тұрмыстық, жауынгерлік, байлық т.б. құрылымдар – көшпендінің өзімен бірге үнемі еріп жүретін қажеттіліктері. Ал салт атты көшпендіге немесе ер азаматқа аз мөлшердегі (минималды) ең басты қажеттіліктер осы жеті элементке қатысты.

Қазақ халқы жаугершілік заманға тағайындалған тағдырын амалсыз мойындауға мәжбүр болғандықтан, олар ат үстіндегі өмір мен үнемі қорғануды басшылыққа алғандықтан, «бес қару» құндылығын да дәріптеген. Оны кейде «ер қаруы бес қару» деп те атайды: найза, қылыш, садақ, сүнгі, шоқпар. [3,78б.] Салт адамның әр кезде де осы бес қаруы сай болуы керек. Сондықтан олар осы қаруларын өзгеге ұстата бермейтін, оларды төменге, жерге тастамайтын қастерлілік ретінде бағалай алған. Осы сақтау мен бағалау арқылы қазақ батырлары мен хандарының қарулары бізге бүгінгі күнге дейін келіп жеткен. Яғни, бес қару принципі – өзіне сенімділікті, сақтықты, үнемі дайын болуды, қауіп-қатерден қорғануды т.б. білдіретін көпқызметті құбылыс.

Ал көшпенділер дүниетанымында киелі баспана саналған киіз үй өзінің құрылысы жөнінен ғарыштың шағын моделі болып табылады. Оның әрбір элементтері ғарыштың компоненттеріне сәйкес келеді: шанырақ – күннің, уықтары – күн сәулесінің символы болса, төрт бұрышты болып тігілген түндік – әлемнің батыс, шығыс, солтүстік және оңтүстік сияқты төрт бұрышын білдіреді де, тұтастай құрылысы көмкерілген аспанды елестетіп, аспан астындағы адами тіршілікті ішіндегі тұрғындар арқылы береді. Сондықтан киіз үй қастерлі саналған, киелі қара шанырақ деп құрметтелген, «шанырағың шайқалмасын», «шанырағың биік болсын» деген игі тілектер - осының көрінісі.

Ұлттық құндылықтардың басты рухани элементі – ұлттық мораль болып табылады. Мораль аймақтық принцип бойынша: жалпыадамзаттық және ұлттық болып екіге бөлінеді. Яғни, барша адамзатқа тән басты принциптер: кісі өлтірме, ұрлық жасама т.б. сан мыңдаған жылдардан бері сақталып, барлық халықтар мен ұлттарға ортақ шарттар болып табылатын болса, ұлттық мораль – сол ұлттың өзіне ғана тән моральдық-этикалық ерекшеліктері, ол әрбір халықта әр түрлі принциптермен, этикеттермен және осы принциптердің деңгейлерімен сипатталады.

Жалпы халқымыздың дүниетанымы мен философиясы басты екі принципке құрылады: ғарыштық және моральдық принцип. Мәселен; «дүниеде не тәтті?» деп аталған мысалдың қысқаша мазмұнында: қария екі балаға осындай сұрақ қояды, біріншісі – «қант тәтті» деп жауап берсе, екіншісі – «ананың сүті» деп жауап береді. Қария екінші жауапты қабыл алады. Яғни, бұл жердегі ақиқат моральдық принципке құрылғандығын байыптаймыз, логика бойынша, шындығында да «қант тәтті» болуы мүмкін, ал моральдық-эмоционалдық жағынан «ананың сүті», ең тәтті, әрі ең бағалы нәрсе – ананы құрметтеу этикасының көрінісі. «Дүниеде» деген сөз арқылы әлемдегі ең бағалы, сыйлы нәрсе «ана» деген тұжырымды дәйектейді. Демек, ана, яғни, мораль – ақиқаттың басты өлшемі, логикалық ақиқаттан гөрі жоғары, ендеше **«моральдық ақиқат – шынайы ақиқат»** деген тұжырым ұсынылады. Бұл жай ғана балалар арасындағы пікірталас мысалы емес, тұтас ұлттық дүниетанымымызға ортақ – моральдың жоғары бағалануы болып табылады. Себебі бұл принципке кез-келген қазақ азаматы қарсы бола алмайды.

Қазақ халқында бар моральдың жоғары деңгейі, оны құрметтеу үлгілері әлемдік тәжірибеде де сирек кездесетіндігін атап өткен жөн. Мәселен, Қорқыт аңыздарында мынадай сюжет бар: «Өлімнен қашып жүрген Қорқытқа қарындасы тамақ әкеліп беріп жүргенде, бір күні оның башпайы абайсызда қарындасына тиіп кетеді. Өзін күнәлі санаған Қорқыт осыған байланысты «Башпай» күйін шығарып, өзі өлгеннен кейін, башпайын «арам» деп санап, денесін көмгенде, оны сыртқа шығарып жерлеуді аманат етіпті». Бұл сюжеттен түркі халықтарындағы әйелді құрметтеу дәстүрі мен қатан тыйым салынған туыскандық қатынастардың елесін танимыз. Бұл да – әлемдік аңыздар мен көне діни элементтерде кездеспейтін этиканың асқақ деңгейі. Міне, қазақ халқында көне Грециядағы қарындасына үйленетін құдайлар туралы аңыздармен мазмұндас мұралардың не үшін тумағандығы түсінікті. Немесе әкесін өлтіретін Эдип патша туралы аңыздың ұлттық менталитетте қабылдануы да, оған мазмұндас аңыздың тууы да мүмкін емес. Яғни, мұндай сюжеттер қазақ халқына жат, оның этикалық-моральдық принциптерімен сыйыса алмайды.

Қорыта келе, бүгінгі таңдағы стратегиялық дамуымыздың негізгі өлшемі ұлттық салт-санадан, дәстүрлі дүниетанымнан бастау алуы керек. Бұл туралы Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу – бұл, әрине, он процесс...», - дей келе, еліміздің биік асуларды еңсеруіне жетелейтін ұлттық идеологияны қазақы дүниетанымымызға, ұлттық салт-дәстүрімізге негіздей құрсақ, көп жағынан ұтатындығымызды баса айтып өтеді. [4, 136.] Ұлттық құндылықтар арқылы қалыптасатын ұлттық сана туралы Қойшыға Салғараұлының келесі пікірі де ұтымды: «Ұлттық сана деген абстракт ұғым емес, ол – ұлт тірлігінің тұрмыстық көрінісі, былайша айтқанда, сол ұлтты құрайтын халықтың бүкіл ғұмырнамасының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесін, яғни халықтың өзін-өзі жете танып, түсінуі. Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады». [5, 76.] Олай болса, жаһандану дәуірінде қазақы болмысымызды сақтап қалу үшін ұлттық құндылықтардың мән-маңызына терең бойлау, жас ұрпаққа олардың қадір-қасиетін

түйсіндіру, жас буынды ұлттық дүниетаным ұлағатымен нәрлендіру рухани саладағы маңызды мәселе болып қала бермек.

Түйін

Мақалада ұлттық құндылықтарымыздың мән-маңызы философиялық және педагогикалық тұрғыда талданып, оларды тәрбиелеу процесінде қолданудың тиімділіктері туралы айтылған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қожамберлиев Б. Қазақтың рухани болмысындағы ұлттық діл мен ұлтжандылықтың ара катынасы. // Қазақстан жоғары мектебі, 2003, №4, 201-204б., 202 б.
2. Штейнер Р. Теософия. М.: Эксмо, 2002г., с. 21
3. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. -Алматы, Ана тілі, 2007ж., 136б. 78б.
4. Назарбаев Н. Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде. -Алматы: ПО. «Кітап», 1993. -32б., 13 бет.
5. Салғараұлы Қ. Ертеңі бар ел боламыз десек. – Астана, 2000.